«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Керімбек Жылбек Сенбекұлының «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі» (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.).
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Аталған жұмыс әдебиеттану ғылымына елеулі үлесін қосады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі - қазақ әдебиеті тарихындағы ұзақ уақыт зерттеуге мүмкіндік берілмеген тарихи маңызды зор тақырыптардың бірі. Ұсынылып отырған жұмыста XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген кітаби ақындар шығармалары қазақ тарихымен ғана байланыста қаралмайды.

			Зерттеу нысанына айналып отырған тақырып шығыс әдебиетіне ортақ мұра болғандықтан, шығыстық назира үлгісінде жазылған қисса-дастандар болғандықтан, диссертант сол елдердің мәдениеті мен тарихымен салыстыра зерттеу жүргізуді мақсат еткен. Аталған кезең шығармаларындағы діни образдар мен бейнелерге талдау жасай отырып, олардың көркемдік ерекшелігін, жалпы адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды айқындаған. Қазақ даласында тараған төл діни қисса-дастандарды өзге шығыс елдердегі нұсқаларымен салыстыра келе кешенді талдау жүргізілген. Сондай-ақ, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі діни шығармалардың жинақталуы және зерттелуі, XIX ғасыр соңындағы патшалық цензура, ол уақыттағы діни әдебиеттің таралу жолдары, т.б. сынды саяси әлеуметтік мәселелерді терең қамтып, талдау жасаған. Осы тұрғыдан келгенде, диссертацияның маңыздылығы ашылған деуге болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзіндік ой қорытулары, пайымдауларынан ғылыми жазу стилінің қалыптасқандығын аңғаруға болады. Әр бөлімде берілген тұжырымдаулары жазу деңгейінің жоғары екенін байқатады. Академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі тақырыпқа қатысты зертеулерді, әдебиет көздерін мұқият талдап, жоспарланған жұмыстың өзектілігін анықтауымен негізделеді. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай әдеби- мәдени мұрамызға жаңаша қарау, зерттеу нысанына айналмаған аспектіден қарау жолға қойылды. Осы тұрғыдан алғанда зерттеушінің диссертациясы қазақ әдебиеті тарихына қосылған қажет еңбек деуге болады. Ізденуші XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі діни шығармалардың негізі күллі мұсылманның бас кітабы – Құраннан бастау алатындығын, осу кезеңдегі шығармаларда діни сюжеттер мен образдардың бастауы осында жатқандығын негіздеп көрсетеді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі тек дінмен ғана байланысты түсіндірілмей, ондағы рухани адамгершілік мәселелер дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық аясында саралаған. Сол себепті, диссертацияның өзектілігі негізделген деп айта аламыз.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның тақырыбы айқын, зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері нақты. Зерттеудің жаңалығы мен тұжырымдары дәйекті. Жұмыстың құрылымы, тарау мен бөлімдердің атаулары зерттеудің бір тұтастығын білдіреді. Бұдан зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігін көреміз. Диссертация тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары, жалпы ішкі мазмұны күмән туғызбайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмысты орындау барысында ізденуші көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындап шыққан. Диссертант XIII-XIV ғасырлардағы авторлар: Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Құл Ғали, Рабғузи, тағы басқа зерттеу нысанына алынған түркіге ортақ ойшылдардың шығармаларының Құраннан негіз алатынын нақты мысалдармен дәлелдей отырып, адамзат, өмір мен өлім, имандылық пен адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойларды жинақтаған. Сондықтан да, ізденуші көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындап шыққандеуге болады.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш тарау, тарау ішінде тараушалардан, анықтамалық, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Жалпы көлемі – 124 бет. Диссертацияның бөлімдері мен құрылымы толық байланысқан. Зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертациялық жұмыстың құрылымдық тұтастығына негіз болған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автордың диссертацияны орындау барысында өз тарапынан ұсынған жаңа шешімдері, өзіндік пікірін дәйектейтін сыни талдаулары бар. Диссертант Қорқыт Ата мұрасына қатысты: «Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін фольклортанушылар, музыкатанушылар және орындаушы музыканттар мына мәселеге назар аударды. Аңызға айналған Қорқыттың мұрасы ішекті аспап қылқобызға арналған музыкалық шығармалар туралы пікірталастар басталды. Сенімді дереккөздерге сілтеме жасамайтын, Қорқытқа жатқызылған жаңадан ашылған музыкалық шығармалардың шығу тегін ескермейтін авторлар өзінің зерттеу мақалаларын, тіпті кітаптарын жариялай бастады. Халықаралық басылымдардағы маңызды материалдарға қарамастан Қорқыт ата туралы ғылыми негізсіз ақпарат беретін зерттеушілердің саны артып келеді. Қорқыттың мұрасы туралы сұрақтар шығу тегі түсініксіз аңыз-ертегілердің барлық түріне толы»,- деп сыни позициясын айқын аңғартады. Осындай сыни-талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен рөл атқарып тұр.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып есептеледі. 1-нәтижені жаңа деп есептейміз. Исламға дейінгі заманда тараған демонологиялық әңгімелердегі діни образдар бүгінгі күн тұрғысынан пайымдалған. 2-нәтиже толығымен жаңа. Зерттеу нысанына алынған хикаяттар мен қиссалардың түркі және қазақ әдебиетіне тигізген әсері мен илам дінінің көрініс табуы, оның адамгершілік мұратпен сабақтастығы сараланған. 3-нәтиже толығымен жаңа. Діни образдарды типологиясы, функциясы және көркемдік рөлі нақты мысалдармен дәйектеліп берілген. 4-нәтиже толығымен жаңа. Бізге жеткен түркі жазба ескерткіштерінде ислам дінінің бейнеленуі тек X-XI ғасырлардан бастап байқалатыны жайлы нақты тұжырымдар жасалған. 5-нәтиже толығымен жаңа деуге болады. XIII-XIV ғасырларға тән шығармалардағы діни образдар мысал ретінде қолданылып, олардың негізгі өзегі – рухани адамгершілік құндылықтар екендігі зерделенген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген жаңа қорытындылар бар. Диссертант әр ойды тұжырымдап, қорытынды жасап отырған.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмысты орындау барысында қолданылған техникалық, технологиялық шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертацияда берілген қорытындылар ғылыми тұрғыда нақты дәлелелдермен негізделген. Басты зерттеу нысанына айналған XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы түркі әлеміне ортақ діни сюжеттер мен образдардың ерекшеліктері ашылып, салыстырылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ** 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе?	Қорғауға ұсынылған негізгі дәлелденген тұжырымдар: 7.1 Диссертант қазақ әдебиетіндегі діни образдарды түркі тілдес басқа мемлекеттердегі үлгілерімен салыстырып қарастыру арқылы аталған кезең шығармаларының дін мен діл, ұлттық таным мен рухани-адамгершіліктің темірқазығы екендігін нақты мысалдармен әр тарауында айқындаған, қағидаттары дәлелденген. 7.2 Диссертациялық еңбекте ұсынылған қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Диссертанттың парсы шайыры Фариаддин Аттардың «Жұмжұма-нама» дастаны, түркі ақыны Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» қисса-дастаны және авторы белгісіз «Жұмжұма патша» жайында араб, ағылшын, парсы, шағатай, қазақ тілдерінде жазылған бірнеше прозалық шығармалар пайдалануын, оларды бүгінгі күн тұрғысынан қарастыруын жаңа деуге болады. Диссертант аталған кезең мұраларына тән ерекшеліктерді анықтай алған. 7.4 Көрсетілген барлық қағидаттардың қолдану деңгейі ауқымды. Алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының қазақ әдебиетінің

		1) **ия;** 2) жоқ	тарихы пәні бойынша, Ежелгі дәуір әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, Шығыс әдебиеті сынды міндетті, таңдау пәндерін оқыту барысында қолдана алады. 7.5 Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидаттары мен қорытынды тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында жарияланған мақалаларда дәлелденген. Мақалалардың жалпы саны - **10 (он).** Оның ішінде Scopus журналдар базасына кіретін басылымда **1 (бір)** мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда **3 (үш)** мақаласы жарық көрген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыста тарихи-типологиялық, жүйелік-салыстырмалы талдау әдісі негізделген. Сондай-ақ жинақтау мен салғастырмалы әдістер қолданылған. Диссертациялық жұмыстың методологиялық әдістемесі дұрыс таңдалған
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ	Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған және интерпретациялау, деректерді өңдеу және түсіндіру әдістері қолданылған.

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ	Ия. Теориялық қорытындылар, анықтамалар ғылыми еңбектерге сүйене отырып дәлелденген. Зерттеу жұмысының нәтижелерін диссертант халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жариялаған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылған. Белгілі әдебиеттанушы ғалымдар Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхаммедұлы, Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, У. Қалижанов, Ш. Ыбраев, Б. Әзібаева сынды ғалымдардың және басқа да ғалымдардың еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Зерттеу жұмысында бірнеше шетелдік, отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне сілтемелер жасалынған. Теориялық еңбектермен қатар, түрлі салалық сөздіктер, оқу құралдары, мақалалар, әдістемелік құралдар пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) **ия;** 2) жоқ	Ия. Зерттеу барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар әдебиеттану, қазақ әдебиетінің тарихы салаларының ғылыми-теориялық негіздерін қарастыруда үлесін қосады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ	Ия. Диссертацияда қол жеткізілген нәтижелер мен тұжырымдар қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті пәндеріне қатысты курстарды және элективті курстарды әзірлеуде қолдануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) **жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);** 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның практикалық ұсыныстары жаңа. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертацияны рәсімдеу талаптарға сәйкес келеді. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған.
11.	Диссертацияға қатысты сын-ескертпелер		Диссертацияда жасалынған кейбір тұжырымдар мен қорытындыларды кесте, сызба түрінде берсе жұмыстың сапасы арта түсер еді деп ойлаймыз. Дегенмен, бұл айтылған техникалық ескерту диссертация мазмұны мен құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		1. Кеңес үкіметі тыйым салған діни дастандар// ҚР ҰҒА Хабарлары, Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы – Алматы, 2016, 2(306), наурыз-сәуір. – 294-298 бб. 2. Әлем әдебиетіндегі «құбас» діни образы // ҚР ҰҒА Хабарлары, Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 4 (308), шілде-тамыз, 2016. – 77-81 бб. 3. «Жүсіп-Зылиха» образының әдебиетте бейнеленуі // ҚР ҰҒА Хабарлары, Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 4(314), шілде-тамыз, 2017. – 132-135 бб. 4. Kerimbek J., Konyratbay T., Darkembayeva A., Bekmoldinov N., Sultanova M. Korkut'un Destansı Mirasının İncelenmesinde Yeni Meseleler: Sahtecilik ve Sahte Değiştirmeler.//Milli

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Folklor, Cilt: 18, Sayı: 138, (2023). DOI: 10.58242/millifolklor.1072507
13.	Ресми рецензенттің **шешімі** (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Керімбек Жылбек Сенбекұлының «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі» (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы бар зерттеу ретінде «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

SDU University профессоры ,
филология ғылымдарының кандидаты **Б.Д. Керімбекова**

Қолданбасын растаймын
Күні «03» 09 2023 ж
Қолы
АЕТ қызметі